

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АЭРОҒАРЫШ АГЕНТТІГІ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 сәуір
1994 ж. N 457

"Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы Келісімін жүзеге асыру мәселелерін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігінің тұрақ орны уақытша Ленинск қаласына көшірілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Ленинск қаласының әкімімен бірлесе отырып, екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігінің аппаратын Ленинск қаласына уақытша орналастыру мәселесін шешетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі